

БӨЛІМ: СПОРТ

Киелі келі дзюдода!

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.04.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/136215/>

Қазақ халқы үшін 6 саны әлемнің жаралуы болса, 60 пен 66 киелі сан. Ұлттық салмақ дережесі деңгейіне жеткен 66 келі ендігі бокстан дзюдоға көшкендей. Мұны тілге тиек етуіме Алматы қаласында өтіп жатқан Азия бірлігі. 7-9 сәуір аралығын қамтыған дүлділді доданың -66келі салмақ дәрежесін Қазақстан құрамасы ешбір елге бермей келеді. Алғашқы күні Орынбаев Еркебұлан алтын асынса, 8 сәуір бұл салмақты Рақметқали ЖАРЫС қорғап қалды. Киелі -66 келінің дзюдо төріне шыққаны құтты болсын ҚАЗАҚ елі!!!

Рақметқали Жарыс қырғыз азаматы Е.Мирбековпен белдесіп иппон әдісімен екінші кезеңге өтті. Отандасы Бейсембаев Бекасылмен бір шаршы алаңда өнер көрсетіп, қос қазақ азаматы жолдамаға таласты. Рақметқали Жарыс суырылып шығып үшінші кезеңге жолдама алды. Өзбек өкілі Хусановты жеңген соң, кезекті өзбек құрамасының дзюдошысымен белдесті. М.Мухаммаджановты шиырта жеңіп алтын алқа асынды.

Дәл осы салмақ дәрежесінде есімі спорт сүйер көрерменнің ерекше ұранына айналған спортшымыз қола алқаны еншіледі. Лақап аты «ЗайЗа» есімді Зайзагалиев Нұрсұлтан. Өзімен аттас отандасы

Жұбатқан Нұрсұлтанды ойсырата жеңгенімен өзбек құрамасының дзюдошысынан басым түсе алмады.

□□□ Рақметқали ЖАРЫС

□□□ Мухаммаджанов МУХАММАДИАХИО

□□□ Зайзағалиев НҰРСҰЛТАН, Жұбатқан НҰРСҰЛТАН

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.